

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жанындағы
8D075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің
2025 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

1. Диссертациялық кеңестің құрамы

2025 жылы 8D075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес келесі құрамда жұмыс істеді:

Т.А.Ә.	ДК-дегі лауазымы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Негізгі жұмыс орны	Жарияланымдық белсенділігі
Мамаева Лаура Асильбековна	Төраға	б.ғ.к., қауымд. профессор	«Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі, ҚазҰАЗУ	h-index 8 (Scopus), Scopus журналдарында ≥ 3 жарияланым (CiteScore ≥ 35 процентиль)
Кененбай Гульмира Серікбайқызы	Төраға орынбасары	т.ғ.к., қауымд. профессор	«Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС жетекші ғылыми қызметкері	h-index 5 (Scopus), ≥ 3 Scopus жарияланымдары (≥ 35 процентиль)
Сулейменова Жұлдуз Маукеновна	Ғалым хатшы	б.ғ.к., қауымд. профессор	«Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ҚазҰАЗУ	h-index 4 (Scopus), ≥ 3 Scopus жарияланымдары (≥ 35 процентиль)
Дунченко Нина Ивановна	Тұрақты мүше	т.ғ.д., профессор	Сапаны басқару және өнім тауартануы кафедрасының меңгерушісі, К.А. Тимирязев атындағы РМАУ-МСША	h-index 4 (Scopus), ≥ 3 Scopus жарияланымдары (≥ 35 процен

2. Өткізілген отырыстардың саны туралы мәліметтер

2025 жылы барлығы 9 (тоғыз) отырыс өткізілді, оның ішінде 6 (алты) отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша. Отырыстардың аясында келесі мәселелер қаралды:

- диссертацияларды қорғауға қабылдау;
- ғылыми кеңесшілерді, ресми рецензенттерді және уақытша мүшелерді бекіту;

- докторанттардың баяндамаларын тыңдау;
- пікірлерді талқылау;
- қорғау нәтижелері бойынша қорытынды шешімдер қабылдау.

Отырыстар диссертациялық кеңестің бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми кадрларды аттестаттау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтай отырып өткізілді.

3. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері Отырыстарға қатысу анализінің қорытындысы бойынша отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері жоқ екені анықталды. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері кеңес жұмысына жүйелі түрде қатысып, шешімдердің кворумы мен алқалылығын қамтамасыз етті.

4. Докторанттар тізімі және диссертациялар туралы мәліметтер

2025 жылы диссертациялық кеңес қарауынан өткен докторанттар тізімі:

- 8D07501 - «Стандарттау және сертификаттау» БББ бойынша: Жалелов Д.Б., Тойшиманов М.Р., Алмаганбетова А.Т., Кенжеханова М.Б.

- 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша: Сериков М.С., Изтилеуов М.К.

Барлық докторанттар PhD докторантурасына қойылатын мемлекеттік талаптар аясында жұмыстарын аяқтап, диссертациялық кеңеске ұсынған (кесте).

№	Аты-жөні, тегі	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілер	ЖОО
1	Жалелов Дулат Бейбітұлы	8D07501 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жем өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы / Нормативное обеспечение технологии производства высокоусвояемых комбикормов нового поколения	Оспанов Абдыманап - т.ғ.д., Инженерлік технологиялар факультетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры; Василенко Виталий Николаевич – т.ғ.д., профессор, Воронеж мемлекеттік инженерлік технологиялар университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры (Ресей Федерациясы, Воронеж қ.).	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
2	Тойшиманов Максат Рисбекович	8D07501 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Усовершенствован ие метода оценки качества и подлинности растительных масел по жирно-кислотному составу	Серикбаева Асия Демеухановна - б.ғ.д., ҚазҰАЗУ Ветеринария факультетінің «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының профессоры;	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу

			методом газовой хроматографии с масс-спектрометрическим детектированием	Баранов Юрий Сергеевич - х.ғ.к., доцент, «Биоресурстар және табиғатты пайдалану ұлттық университетінің» жетекші ғылыми қызметкері (Киев, Украина).	университеті»
3	Алмаганбетова Айгуль Турмахановна	8D07501 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Көп дәнді ұн шикізатынан жасалған коэкструдирленген өнімдер өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы	Оспанов Абдыманап - т.ғ.д., Инженерлік технологиялар факультетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры; Тимурбекова Айгуль Кулахметовна – т.ғ.к., Инженерлік технологиялар факультетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры; Остриков Александр Николаевич – т.ғ.д., профессор, Воронеж мемлекеттік инженерлік технологиялар университетінің «Майлар технологиясы, химиялық және тағамдық өндірістердің процестері мен аппараттары» кафедрасының меңгерушісі (РФ, Воронеж).	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
4	Сериков Мақсат Серікұлы	6D073200 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Усовершенствованные методы определения жирно-кислотного состава в масложировой продукции на основе инновационных методов исследований	Серикбаева Асия Демеухановна - б.ғ.д., ҚазҰАЗУ Ветеринария факультетінің «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының профессоры; Кононихин Алексей Сергеевич – ф.-м.ғ.к., РҒА Н.М. Эмануэль атындағы Биохимиялық физика институтының (БХФИ РҒА) биомакромолекулалар масс-спектрометриясы зертханасының аға ғылыми қызметкері (Мәскеу, Ресей).	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
5	Изтилеуов Мақсат Карсыбекович	6D073200 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Сиыр және бие сүті негізіндегі аралас өнімдердің стандарттарын әзірлеу	Оспанов Асан Бекишович - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; Sebnem Harsa – PhD докторы, Измир технологиялық	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу

				институтының профессоры (Түркия).	университеті»
6	Кенжеханова Мереке Батырхановна	8D07501 «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	Қазақстан Республикасындағы аудандастырылған әр түрлі сортты алмаларды қолдана отырып, алма қағы өндірісіне стандарттау және сертификаттаудың технологиясы нормативтік базасын әзірлеу	Мамаева Лаура Асильбековна – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Инженерлік технологиялар факультетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі. Ветохин Сергей Сергеевич – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Беларусь мемлекеттік технологиялық университетінің «Өнімдерді сертификаттаудың физика-химиялық әдістері» кафедрасының меңгерушісі (Беларусь Республикасы, Минск қ.).	ҚЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»

4.1 Тақырыптарды талдау

1) Қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау

2025 есепті жылы 8D075 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңесте қаралған диссертациялық зерттеулердің тақырыптары стандарттау, техникалық реттеу, өнімдер мен процестердің сәйкестігін растау және сертификаттау саласындағы өзекті ғылыми-практикалық міндеттерді шешуге, сондай-ақ экономиканың әртүрлі салаларындағы өнім сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйелерін нормативтік және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталды.

Диссертациялық зерттеулердің елеулі блогы технологиялық процестерді нормативтік қамтамасыз етуді әзірлеуге және жетілдіруге арналды. Атап айтқанда, Жалелов Дулат Бейбітұлының жұмысында құрама жем өнімдерінің сапасына, қауіпсіздігіне және технологиялық тұрақтылығына қойылатын талаптарды қалыптастыруға бағытталған жаңа буынды жоғары сіңімді құрама жем өндірісі технологиясын нормативтік қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Осыған ұқсас бағыт Алмаганбетова Айгуль Турмахановнаның диссертациясында да байқалады, онда сапа көрсеткіштерін тұрақтандыруға және өнім ассортиментін кеңейтуге бағытталған коэкструдирленген тағам өнімдері өндірісінің технологиясын нормативтік қамтамасыз ету тәсілдері әзірленген.

Зерттеулердің жеке бір бағыты заманауи аналитикалық құралдар негізінде өнімнің сапасын, түпнұсқалығын және қауіпсіздігін бағалау әдістерін дамытумен байланысты. Тойшиманов Максат Рисбековичтің және

Сериков Мақсат Серикұлының диссертацияларында өсімдік майлары мен май өнімдерінің май қышқылды құрамын анықтау әдістері, соның ішінде газдық хроматография және масс-спектрометриялық детекциялауды қолдану арқылы жетілдірілді. Бұл жұмыстар сапаны бақылаудың дұрыстығын арттыруға және өнім фальсификациясын анықтауға бағытталған, бұл сәйкестікті растау және сертификаттау жүйелерінің негізгі элементі болып табылады.

Есепті жылдың тақырыптарында құрамы аралас және функционалдық бағыттағы тағам өнімдерін стандарттауға арналған зерттеулер маңызды орын алды. Изтилеуов Мақсат Карсыбековичтің диссертациялық жұмысында сиыр және бие сүті негізіндегі аралас өнімдерге қойылатын нормативтік талаптар, соның ішінде сапа, қауіпсіздік көрсеткіштері және өндіріс технологиясының ерекшеліктері әзірленді. Кенжеханова Мереке Батырхановнаның диссертациясы өнімнің сапасына, қауіпсіздігіне және тұтынушылық қасиеттеріне қойылатын талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасында аудандастырылған әртүрлі алма сорттарынан алма қағын (чипстерін) өндіруді стандарттау мен сертификаттаудың технологиясы мен нормативтік базасын әзірлеуге арналған.

Жалпы алғанда, қаралған диссертациялық зерттеулердің тақырыптары келесідей сипатталады:

- қолданбалы бағыттылығымен және салалық бағдарлануымен;
- техникалық реттеу, стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамыту міндеттерімен тығыз байланыстылығымен;
- заманауи әдіснамалық және аспаптық тәсілдерді қолдануымен;
- нәтижелерді кәсіпорындардың, сертификаттау жөніндегі органдардың және сапаны бақылау зертханаларының қызметіне практикалық ендіруге бағытталуымен.

Қаралған диссертациялық жұмыстар жиынтығында өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ғылым мен практиканың заманауи даму үрдістерін көрсетеді, сондай-ақ 8D075 «Стандарттау, сертификаттау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасының бейініне және мақсаттарына сәйкес келеді.

2) Диссертация тақырыптарының Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

2025 жылы 8D075 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңесте қаралған диссертациялық зерттеулердің тақырыптары Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылым мен технологияларды дамытудың басым бағыттарымен, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларының мақсат-міндеттерімен тікелей байланысты.

Бірқатар диссертациялық жұмыстар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешуге бағытталған, бұл агроөнеркәсіптік кешенді және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту басымдығына сәйкес келеді. Мәселен, Жалелов Дулат Бейбітұлының және Алмаганбетова Айгуль Турмахановнаның құрама жем мен коэкструдирленген тағам өнімдері өндірісі технологияларын нормативтік қамтамасыз етуге бағытталған зерттеулері ЖҒТК-ның ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің ресурсты үнемдейтін және жоғары тиімді технологияларын дамыту бөлігіндегі басымдықтарына сай келеді.

Тойшиманов Максат Рисбековичтің және Сериков Максат Серікұлының май өнімдерінің сапасын, түпнұсқалығын және қауіпсіздігін бағалау әдістерін жетілдіруге арналған диссертациялық зерттеулері техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті растау жүйесін дамытуға, сондай-ақ өнім сапасын бақылаудың заманауи аналитикалық әдістерін ендіруге байланысты басымдықтарға сәйкес келеді.

Изтилеуов Максат Карсыбековичтің және Кенжеханова Мереке Батырхановнаның құрамы аралас және функционалдық бағыттағы тағам өнімдерін стандарттау мен сертификаттаудың нормативтік базасын әзірлеуге бағытталған жұмыстары ЖҒТК-ның инновациялық тағам технологияларын дамыту, қосылған құны жоғары өнімдер ассортиментін кеңейту және тамақ өнеркәсібінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету саласындағы басымдықтарымен үндеседі.

Осылайша, қаралған диссертациялық зерттеулердің тақырыптары Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді, экономика салаларының өзекті қажеттіліктерін көрсетеді және ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау міндеттеріне жауап береді.

3) Диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау

Есепті жылы диссертациялық кеңесте қаралған диссертациялық зерттеулердің нәтижелері практикалық бағыттылығының жоғары деңгейімен сипатталады және өнім өндіру, сапаны бақылау, стандарттау және сертификаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіне ендіруге бағдарланған.

Бірқатар диссертациялық жұмыстарда нәтижелер нормативтік және әдістемелік құжаттар, соның ішінде кәсіпорын стандарттарының жобалары, техникалық шарттар, технологиялық регламенттер және сынақ әдістемелері түрінде ендірілді немесе ендіруге ұсынылды. Атап айтқанда, Жалелов Дулат Бейбітұлының және Алмаганбетова Айгуль Турмахановнаның зерттеу нәтижелері құрама жем және тағам өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін нормативтік қамтамасыз етуді әзірлеу мен жетілдіруге қолданылуда.

Тойшиманов Максат Рисбековичтің және Сериков Мақсат Серікұлының диссертацияларының нәтижелері сапаны бақылау зертханалары мен сертификаттау жөніндегі органдарда практикалық қолдануға бағытталған, өйткені май қышқылды құрамды талдаудың жетілдірілген әдістері өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалаудың дәлдігін, қайталануын және сенімділігін арттырады.

Изтилеуов Максат Карсыбековичтің және Кенжеханова Мереке Батырхановнаның диссертациялық зерттеулеріндегі ендіру нәтижелері тағам өнімдерінің жаңа түрлерін өндіруге арналған нормативтік талаптар мен технологиялық шешімдерді әзірлеумен байланысты, бұл оларды өнеркәсіптік игеруге және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының практикасында қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, диссертациялық зерттеулердің нәтижелері Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің білім беру процесінде, соның ішінде стандарттау, сертификаттау және сапаны басқаруға байланысты пәндер бойынша оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде қолданылады.

Жалпы алғанда, есепті жылы қаралған диссертациялар нәтижелерінің ендірілу деңгейін жеткілікті және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес деп сипаттауға болады, сондай-ақ оларды салалық ұйымдарда және экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарда практикалық қолдануды одан әрі кеңейту әлеуеті бар.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау

2025 есепті жылы 8D075 «Стандарттау, сертификаттау метрология (салалар бойынша)» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңесте қаралған диссертациялық жұмыстар бойынша ресми рецензенттер қолданыстағы нормативтік талаптарға қатаң сәйкестікте, диссертациялық зерттеулердің бейінін, рецензенттердің ғылыми біліктілігі мен олардың жарияланымдық белсенділігін ескере отырып тағайындалды.

Жалпы алғанда, ресми рецензенттердің жұмысы ғылыми дәлелділіктің, құрылымдылықтың және объективтіліктің жеткілікті деңгейімен сипатталады. Пікірлерде, әдетте, келесі мәселелер көрсетілді:

- таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының деңгейі;
- әдіснамалық тәсілдердің негізділігі;
- диссертация мазмұнының мәлімделген тақырыпқа және зерттеу мақсаттарына сәйкестігі;
- тұжырымдарды нақтылауға және алынған нәтижелерді интерпретациялауға бағытталған ескертпелер мен ұсыныстар.

Сонымен қатар, кейбір рецензияларда жүйелі сипатқа ие емес, бірақ диссертациялық кеңес тарапынан назар аударуды талап ететін әдістемелік және мазмұндық кемшіліктер анықталды. Жиі кездесетін кемшіліктер қатарына мыналар жатады: зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық

маңыздылығын бағалауға айтарлықтай әсер етпейтін жекелеген ескертпелердің формальды сипаты; диссертация нәтижелерін практикалық қызметке ендіруді қолдану нысандары мен деңгейлерін нақтыламай, шектеулі түрде талдау.

Аталған кемшіліктер диссертациялық кеңес отырыстарында талқыланды және талқылау қорытындысы бойынша рецензенттерге пікірлердің талдамалық құрамдас бөлігін күшейту, ескертпелерді нақтырақ құрылымдау және диссертациялық зерттеудің ғылым мен практиканың тиісті саласын дамытуға қосқан үлесін көрсететін қорытындыларды тұжырымдау бойынша ұсыныстар берілді.

Жалпы алғанда, есепті жылы ресми рецензенттердің жұмысы қанағаттанарлық және талаптарға сәйкес деп танылды, ал анықталған жекелеген кемшіліктер диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдердің объективтілігіне әсер еткен жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

Диссертациялық кеңестің қызметін және 2025 жылы қаралған диссертациялық зерттеулерді талдау нәтижелері бойынша, 8D075 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)» бағыты бойынша ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында диссертациялық кеңес келесі шараларды орынды деп санайды:

1. Диссертациялық зерттеулердің практикалық бағыттылығын, соның ішінде докторанттардың салалық кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалатын қолданбалы ғылыми жобаларға қатысуын кеңейту есебінен күшейту.

2. Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ендірілу деңгейін арттыру мақсатында стандарттау, сертификаттау, техникалық реттеу және сәйкестікті бағалау саласында қызмет ететін өндірістік және сараптамалық ұйымдармен өзара іс-қимылды дамыту.

3. Докторанттардың ғылыми жарияланымдарының сапасына, соның ішінде рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдарға, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін апробациялаудың мазмұндық бөлігіне қойылатын талаптарды арттыру.

4. Диссертациялық жұмыстарда, әсіресе өнімнің сапасын, қауіпсіздігін және түпнұсқалығын бағалау бөлігінде заманауи аналитикалық және аспаптық зерттеу әдістерін қолдануды кеңейту.

5. Шетелдік ғылыми кеңесшілерді тарту, докторанттардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы және бірлескен зерттеулер жүргізу арқылы халықаралық ғылыми ынтымақтастықты жандандыру.

Аталған ұсыныстарды іске асыру диссертациялық зерттеулердің сапасын, олардың ғылыми және практикалық маңыздылығын арттыруға, сондай-ақ осы бағыт бойынша ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежелерін алу үшін қорғалған диссертациялар саны:

Көрсеткіш	Білім беру бағдарламалары / Мамандық	
Қорғауға қабылданған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	8D07501 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»	6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)»
Қараудан алынған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	4	2
Теріс шешім шығарылған диссертациялар	жоқ	жоқ
Қараудан алынып тасталды	жоқ	жоқ
Теріс пікірлер	жоқ	жоқ
Теріс шешімдер	жоқ	жоқ
Пысықтауға жіберілді	жоқ	жоқ
Қайта қорғауға жіберілді	жоқ	жоқ

Диссертациялық кеңес төрағасы М.К. Мамаева Л.А.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы С.М. Сулейменова Ж.М.

Мөр орны
Күні: « 06 » 01 2026 жыл

